

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ

Қостанай қ.

"09" маусым 2025 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы) сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың (бұдан әрі – талдау) объектісі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ.

Мекемедегі жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ басшысының 2024 жылдың 19 мамырында №302 бұйрығы шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың екінші жартыжылдығы – 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ-де сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл жасау.

Талдаудың міндеті - Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ-де сыбайлас жемқорлық заңбұзушылықтарын жасауға ықпал ететін жағдайларды анықтау және олардың салдарын жою.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;

2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;

4) талдау объектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулер нәтижелері;

5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері;

7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) талдау объектісінің лауазымды адамдарын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға және заңның басқа да бұзушылықтарына ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсынымдар;

10) талдау объектісі қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері, қылмыстық істердің фабулалары;

11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері;

12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;

13) талдау объектісінің қызметшілерінен, жұмыскерлерінен алынған сауалнама;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

Мектептің қызметіне қатысты нормативтік -құқықтық актілерге жүргізілген талдау нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелі үшін жағдай жасауға ықпал ететін біркатар құқықтық сипаттағы факторлардың бар екендігін айғақтайды. Талдау нәтижелері төменде келтірілген, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қалыптастыруға ықпал ететін ережелер анықталды.

Келесі нормативтік-құқықтық актілер талданды:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» бұйрығы;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 " Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы " бұйрығы;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 "Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту" бұйрығы;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» бұйрығы;

5. Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі " Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 бұйрығы ";

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысы;

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығы;

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» №145 бұйрығы;

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидалары» №64 қаулысы.

10. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 Еңбек кодексі.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысы.

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 бұйрығы.

13. «Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ Кодексі.

Ішкі құжаттарда (бұдан әрі - ІҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Есепті кезеңде нормативтік құжаттарда және ішкі құжаттарда жемқорлық тәуекелдері жоқ екені анықталды.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығына сәйкес мектеп-интернат төрт Мемлекеттік қызмет көрсетеді:

- "Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру";

- "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау";

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»;

- "Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау";

- "Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау".

Мектеп-гимназия-интернатқа қабылдау "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі. Конкурс қорытындысы бойынша мектеп-гимназия-интернатының директоры оқу жылы басталғанға дейін мектепке қабылдау туралы бұйрық шығарады және үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастыру.

2024 жылдың 1 шілдесі мен 2025 жылдың 13 маусым аралығында мектеп-гимназия-интернатта жалпы 76 қызмет көрсетілді. Оның ішінде оқушыларды 5 сыныпқа 50 білім алушы, оның ішінде 2 оқушы резервтен 6-сыныпқа қабылданды. 10-сыныпқа 12 білім алушы қабылданды. Орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру бойынша 2 қызмет көрсетілді. "Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" бойынша 2 қызмет көрсетілді. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау бойынша 10 қызмет көрсетілді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қағаз нысанда барлығы 67 қызмет, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы негізінде 2, «Ұстаз» платформасы арқылы 7 қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік қызметтің атауы	Б.Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт	Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны
"Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру"	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі	2

	құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім аруды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекіту туралы» бұйрығы	
"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау"	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №564 бұйрығы	62
«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" №564 бұйрығы	2
"Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау"	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 "Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту" бұйрығы	10
"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқығуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау"	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» бұйрығы	0
барлығы		76

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланысының болуы мемлекеттік қызмет көрсету процесінде сыбайлас жемқорлық қатынастардың пайда болуына ықпал етуі мүмкін.

Негіздеме:

Стандарттың 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, өтінішті тікелей көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне берген кезде көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушімен тікелей байланысы болады, бұл мемлекеттік қызметті көрсету кезінде заңсыз артықшылық беру мүмкіндігі түріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекеліне әкеп соғады.

Мектепте құжаттарды электронды форматта алу үшін жүйеге қосылу мүмкіндігі жоқ. Бұл мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелін сақтайды.

Ұсыныстар:

"Электрондық үкімет" порталы және Мемлекеттік корпорация арқылы өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңсыз артықшылық беру түрінде сыбайлас жемқорлық тәуекеліне әкеп соғатын көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыста болмайтын Мемлекеттік қызметтер үлесін қысқарту жөніндегі жоғары тұрған органға хат жолдансын.

2.2. Кадр саясаты

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы

Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі ішкі тәуекелдерге жүргізілген талдау мектептегі персоналды басқару ҚР қолданыстағы заңнамасына: ҚР Еңбек кодексіне, "Білім туралы" ҚР Заңына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңына, сондай-ақ өзге де заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті.

Мектеп-гимназия-интернаттың штат кестесіне сәйкес жалпы штат саны 95 бірлікті құрайды. Оның ішінде мұғалімдер-42, тәрбиешілер-11, техникалық қызметкерлер-42. Есепті кезеңде мектеп-гимназия-интернатқа 42 қызметкер қабылданып, 56 қызметкер жұмыстан өз еркімен босатылды, бұл қызметкерлердің жалпы санының 19,9% құрайды.

Тәртіптік практика.

Есепті кезеңде ескерту түрінде тәртіптік жауапкершілікке 1 қызметкер тартылды.

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыдағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96, сонымен қатар:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ мұғалімі лауазымына конкурс өткізу мақсаттарына сәйкес 2024 жылдың тамыз айынан «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқытушы-ұйымдастырушы, бос лауазымына конкурс жарияланды. Конкурс кандидаттардың болмауына байланысты, конкурсқа қатысу туралы өтініш түспеуіне байланысты өтпеді деп есептелінді.

2024 жылғы 29 тамызда

Қазақ тілдерінде оқытатын сыныптарға:

- Алғашқы әскери дайындық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушысы- 1 еңбекақы мөлшерлемесі және 7 сағат;
- Тәрбиеші- 2 еңбекақы мөлшерлемесі;
- Орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі-14 сағат
- Әлеуметтік педагог-1 еңбекақы мөлшерлемесі;

- Физика пәнінің мұғалімі-19 сағат (уақытша бос орын)
- Қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі-16 сағат (уақытша бос орын)
- Аға тәлімгер-1 еңбекақы мөлшерлемесі; (уақытша бос орын)
- Информатика пәнінің мұғалімі- 16 сағат (уақытша бос орын)

Директордың ақпараттық технология жөніндегі орынбасары-1 еңбекақы мөлшерлемесі; (уақытша бос орын) бос лауазымдарына конкурс жарияланды.

Есептегі кезеңде конкурс қорытындысы бойынша штаттық кестеге сәйкес 1 еңбекақы мөлшерлемесімен 2 тәрбиеші мен әлеуметтік педагог, орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, аға тәлімгер, уақытша бос лауазымға физика пәнінің мұғалімі, қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі жұмысқа қабылданды. 2024 жылдың қыркүйек айында алғашқы әскери технологиялық дайындықты ұйымдастырушы-оқытушы пәні бойынша бос лауазымына, конкурс жарияланып, кандидаттың болмауына байланысты өтпеді деп есептелінді. АӨТД пәні бойынша сабақтар өткізу үшін 7 сағаттық оқу жүктемесі бар қоса атқарушы уақытша қабылданды.

2024 жылдың 29 тамызда уақытша бос лауазымына жарияланған конкурстың қорытындысы бойынша Жолмағанбетова Сауле Елибаевна- қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі-16 сағат (уақытша бос орын) қызметіне, Мурзахметова Айгерим Абдикалыковна- физика пәнінің мұғалімі-19 сағат (уақытша бос орын), Оразбаева Дильназ Азаматқызы орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімі 14 сағат жүктемесімен; Есбулатова Тоғжан Жеңісқызы тәрбиешінің бос лауазымына 1 еңбекақы мөлшерлемесімен; Жеңіс Торғын Жеңісқызы аға тәлімгер уақытша бос лауазымына; Кенесбаева Лаура Нурлановна әлеуметтік педагог бос лауазымына 1 еңбекақы мөлшерлемесімен қабылданды.

Біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандардың болмауына байланысты «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні мұғалімі-ұйымдастырушысына тұрақты түрде қажеттілік бар.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру мектептің ресми сайтында shodaltynsarın.kz, Instagram-да ybyrai.mektep ресми мектеп парақшасында, enbek.kz. жарияланды. Комиссияға өтінімдер түспегендіктен конкурс өтпеді. Алғашқы әскери және технологиялық дайындықты ұйымдастырушы педагог пен тәрбиешінің бос лауазымына орналасуға комиссия мүшелерінің қатысуымен қайта конкурс ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 26 бабы, 2-тармағы, 3-тармақшасының негізінде – кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбие және даму, демалу мен сауықтыруды, дене шынықтыру мен спортты, медициналық қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметтер көрсетуді, мәдениет пен өнерді ұйымдастыру саласындағы ұйымға соттылығы бар немесе бар, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшыраған адамдарға (қылмыстық қудалау өздеріне қатысты тоқтатылған адамдарды қоспағанда) жол берілмейді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары) қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін: кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен адамгершілікке, жыныстық тұтастыққа, экстремистік немесе террористік қылмыстарға, адам саудасына қарсы.

Мектеп-гимназия-интернат жұмысқа орналастырылған адамдардың кәмелетке толмағандардың қарым-қатынасында қылмыс жасауына ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық сервисі арқылы тексеру жүргізеді.

"Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы" ММ-нің 2022 жылғы 05 наурыздағы сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар адамдарға мемлекеттік қызметте немесе квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуге тыйым салатын талаптардың сақталуына талдау жүргізу туралы хатына сәйкес кестеге сәйкес барлық жұмыс істейтін қызметкерлер бойынша мәліметтер жіберілді және тексерілді. Мектеп-гимназия-интернаттың қызметкерлері Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық жүйесі арқылы соттылығының жоқтығына міндетті тексеру жүргізілгеннен кейін жұмысқа қабылданады.

Мүдделер қақтығысы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша мүдделер қақтығысын анықтау бағыты бойынша қызметкерлер арасында туыстық фактілер бар. Алайда, олар жақын туыстарына тікелей бағынбайды. Мектепте мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

<i>Аты-жөні</i>	<i>Лауазымы</i>	<i>ТУЫСТЫҚ ТҮРІ</i>	<i>ТІКЕЛІЙ БАҒЫНУ (ИӘ/ЖОҚ)</i>	<i>КІМ ТАҒАЙЫН ДАДЫ</i>
Токтамысова Гульмира Карасаевна	бейіндік оқыту бойынша директордың орынбасары	жұбайы	Жоқ	Мектеп директоры
Кульпеисов Канат Джабмулович	Интернат тәрбиешісі	жолдасы	Жоқ	Мектеп директоры
Сейтқожина Шолпан Курманғалиевна	Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	сіңілісі	Жоқ	Мектеп директоры
Жандаулетова Раушан Курманғалиевна	Математика пәнінің мұғалімі	анасы	Жоқ	Мектеп директоры
Салмағмабет Нұрбол Амангелдіұлы	Математика пәнінің мұғалімі	ағасы	Жоқ	Мектеп директоры
Сальмағамбетова Сымбат Амангельдиновна	Әлеуметтік педагог	қарындасы	Жоқ	Мектеп директоры

Қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қызметкерлерге сыйлықақы беруді талдау

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ-де 2024 жылғы қазан, желтоқсан айларында қызметкерлерге үстемақылар 2024 жылғы

09 қазандағы № 171, 26 желтоқсанындағы №196 бұйрықтарына сәйкес берілді. Ұйымды жетістіктері үшін марапаттаудың әзірленген ережелеріне сәйкес қызметкерлерге тізімге сәйкес үстемақылар лауазымдық жалақысына пайызбен төленді. Сыйақылар ақша жинақтарының шегінде және кредиторлық берешек болмаған жағдайда төленеді. Сыйақыны төлеу тапсырыс негізінде бір күнмен жүзеге асырылады.

Қаржы-шаруашылық қызмет

Қызметкерлердің еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша еңбекақы, демалыс, аурухана парақтары есептелді және мерзімінде аударылды.

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

Құжаттаманы есепке алу

2.4 Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру. ҚР Президенті Әкімшілігінің сапалы статистикалық ақпаратты қалыптастыру туралы тапсырмасын орындау шеңберінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетімен бірлесіп, ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес бірыңғай анықтамалықта сұрақтардың сипатын пайдалану бойынша (2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 01-23 / 6195) мектеп-гимназия-интернатта өтініштермен жұмыс жүргізіледі. "Е-өтініш" ақпараттық жүйесіне есепгі кезеңде жеке және заңды тұлғалардан 22 өтініш келіп түсті. Оның 17-і педагогтардың біліктілігін арттыру курс өту бойынша ұсыныстар болды. Сол ұсыныстар бойынша Мектеп-гимназия-интернатының дене шынықтыру пәні мұғалімдері ақылы біліктілік арттыру курстарынан өтті. Бір өтініші баласын емдеуді өтінген ата-анадан болды. Көмек көрсету үшін ата-ананың реквизиттері мектеп әлеуметтік желілері мен мессенджерлеріне жіберілді. Екі өтініш жеке сот орындаушысы Н.Басеновадан болды. Өтінішке жауап көрсетілген мерзімде жіберілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.5 Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ-нің ресми сайтының адресі <https://shodaltynsarin.edu.kz/kz>. Мектеп сайтында мектеп лицензиясы, мемлекеттік сатып алулар туралы ақпарат жүктелген, мектеп директоры мен әкімшілігінің азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау кестесі енгізілген. Мектеп сайтының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінде келесідей бөлімшелер бар: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР-ның Заңы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралардың кешенді жоспары, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Аналитикалық анықтама, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жадынамалар, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сенім телефоны, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрық туралы ақпараттар енгізілген. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпарат мектеп сайтына салынған. Мектептің ресми

әлеуметтік желілерінде мектепте өткізілген іс-шаралар, жеңімпаздарды құттықтау, оқу-тәрбие үрдісі бойынша хабарландырулар, т.с.с. ақпараттар уақытылы салынып отырады. Сонымен қатар мектеп сайтының «Жаналықтар» лентасына да осы аталған ақпараттар салынып отырады. Instagram парақша https://www.instagram.com/altynsarin_gimnazia/, Facebook парақша: <https://www.facebook.com/ybyrai.mektep/>, Youtube каналы www.youtube.com/@Altynsarin.gimnazia. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Есепті кезеңде қоғамдық мониторинг жүргізілген жоқ.

2.7. Бақылауды жүзеге асыру және рұқсат беру функциялары

Мектеп-гимназия-интернат бақылау рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

2.8. Сот практикасын талдау

2024 жылдың екінші жартыжылдығынан 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына дейінгі аралықта барлығы 12 талап-арыз берілді, оның ішінде 7 талап-арыз қанағаттандырылды, ал 5 талап-арыз келесі себептерге байланысты қараусыз қалдырылды:

1. 2025 жылғы 27 ақпандағы №4 сенімхат негізінде. Іс №3971-25-00-2/779 бойынша – Сот анықтағандай, мемлекеттік сатып алу шарты бойынша жеткізушіні адал емес қатысушы деп тану туралы талап арыз берілген кезде, аталған шарт бұзылмаған.

Сәйкесінше, талапкер – шарт бойынша Тапсырыс беруші ретінде, мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзғаннан кейін, не шарттың мерзімі аяқталған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, осы санаттағы істер бойынша заңда белгіленген тәртіппен жеткізушіні адал емес қатысушы деп тану туралы сотқа талап қоюға құқылы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және ҚР Азаматтық процестік кодексінің 268, 279-баптарының 1-тармағына сәйкес, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ыбырай Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «ИНТЕР СТРОЙ 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талап арызы – қараусыз қалдырылсын.

2. 2025 жылғы 27 ақпандағы №4 сенімхат негізінде. Іс №3971-25-00-2/802 бойынша – Талапкер жоғарыда көрсетілген талаптармен сотқа жүгінген.

Алайда, талапкер тауардың жеткізілуіне байланысты талап арызды қараусыз қалдыру туралы өтініш білдірген. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР АПК) 279-бабының 8-тармағына сәйкес, егер талапкер талап арызды қайтарып алу туралы өтініш білдірсе, сот талапты қараусыз қалдырады.

Осыған орай, ҚР АПК-нің 268–269-баптарын басшылыққа ала отырып, талап арыз қараусыз қалдырылды.

3. 2024 жылғы 23 шілдедегі №8 сенімхат негізінде. Іс №3971-24-00-2/3116 бойынша – Талапкер көрсетілген талаппен жауапкерге сотқа жүгінген. Талапкерден талап арызды қараусыз қалдыру туралы өтініш түскен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 279-бабының 8-тармағына сәйкес, егер талапкер талап арызды қайтарып алу туралы өтініш білдірсе, сот талап арызды қараусыз қалдырады. Осыған байланысты талап арыз қараусыз қалдырылуға тиіс.

4.2024 жылғы 4 шілдедегі №7 сенімхат негізінде. Іс №3971-24-00-2/2703 бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «БІ. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жеке кәсіпкер «ALIT» Токпанов Али Муратовичтің атынан мемлекеттік сатып алуда адал емес қатысушы деп тану және айыппұл өндіру туралы талаппен сотқа жүгінді.

Талапкерден айыппұлды өндіріп алу туралы талап арызды қараусыз қалдыру туралы өтініш түсті.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 279-бабының 8-тармағына сәйкес, егер талапкер талап арызды қайтарып алу туралы өтініш білдірсе, сот талап арызды қараусыз қалдырады.

Осыған байланысты талап арыз қараусыз қалдырылуға тиіс.

5.2025 жылғы 25 сәуірдегі №11 сенімхат негізінде. Іс №3971-25-3-1/1536 бойынша — Іс материалдарынан көрініп тұрғандай, жеткізуші мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау кепілдігін аудармау арқылы шартты жасасудан жалтарған. Ал «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушыларының тізілімі 8-баптың 1-бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның шешімі негізінде құрылады.

Осылайша, әлеуетті жеткізушіні мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушысы деп тану үшін, мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушыларының тізілімін құратын уәкілетті органға жүгіну қажет.

Осыған байланысты, сот көрсетілген жағдайларда талап арызды өндірісте қабылдаудан бас тарту қажет деген қорытындыға келеді. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 151-бабының 1-тармағының 1) тармақшасы және 268-бабына сәйкес.

Қанағаттандырылған талап арыздар бойынша:

1.2024 жылғы 13 тамыздағы №9 сенімхат, іс №3971-24-00-2/3475 бойынша;

2. 2024 жылғы 15 қазандағы №12 сенімхат, іс №3971-24-00-2/4670 бойынша;

3.2024 жылғы 15 қазандағы №12 сенімхат, іс №3971-24-00-2/4624 бойынша.

4.2024 жылғы 4 қарашадағы №14 сенімхат, іс №3971-24-00-2/4945 бойынша.

5.2025 жылғы 27 ақпандағы №4 сенімхат, іс №3971-25-00-2/832 бойынша.

6.2025 жылғы 18 наурыздағы №8 сенімхат, іс №3971-25-00-2/1007 бойынша.

7.2025 жылғы 10 сәуірдегі №9 сенімхат, іс №3971-25-00-2/1204 бойынша.

Талапкер ретінде процесте бухгалтер қызметін атқарған Шильдибаева Индира Булатқанқызы қатысты. Барлық жоғарыда көрсетілген сенімхаттар негізінде.

2.9. Қадағалау органдарын тексеру нәтижелері туралы мәліметтер
Есепті кезеңде қадағалау органдарын тексеру жүргізілген жоқ.

2.10. Фискалдық органдарды тексеру нәтижелері туралы мәліметтер
Есепті кезеңде фискалдық органдарды тексеру жүргізілген жоқ.

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері

2.12. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге теріс ақпарат орналастырылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланысының болуы

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде сыбайлас жемқорлық қатынастардың көріністеріне ықпал етуі мүмкін.

Ұсыныстар: Жоғары тұрған органға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өтініштерді қағаз түрінде қызмет берушінің кеңсесі арқылы қабылдау және нәтижелерін беру жолымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін қысқарту туралы хат жолдау қажет, себебі бұл қызмет алушымен тікелей байланыс орнауына әкеліп, мемлекеттік қызмет көрсету барысында заңсыз артықшылық беру түріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекеліне себеп болуы мүмкін.

Басшысы



Келінбердиева Ы.С.

Жұмыс тобының құрамы:

Токтамысова Г.К.

Касыбаева А.Т.

Серикбаева А.Н.

Оралбай Ж.Ө.

Мустафина Г.М.

Шильдибаева И.Б.

Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу
бойынша әдістемелік
ұсынымдарға
4-қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары
бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан
лауазымдар тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

№ р/с	Сыбайлас жемқорлық қаупі бар лауазым	Сыбайлас жемқорлық қаупі бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық қаупі
1	Директор	Кодексте көзделген тәртіп пен шарттарға сәйкес еңбек шартын жасасу, өзгерту, толықтыру, тоқтату және бұзу; Еңбек шартына сәйкес жалақы төлеу	Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру немесе жұмыстан шығару кезінде объективті емес немесе тандаулы кезқарас таныту мүмкіндігі; Біліктілік талаптарға сай келмейтін тұлғалармен еңбек шарттарын жасасу; Жалақыны немесе сыйақыны заңсыз төлеу.
2	Бас есепші		Есепше алынбаған мүлікті, құрал-жабдықтарды немесе қаражатты жасыру немесе немлену мүмкіндігі; Жалған немесе бұрмаланған қаржылық құжаттар арқылы негізсіз төлемдерді рәсімдеу; Мердігерлермен келісіп, жалған шот-фактураларды тіркеу арқылы қаражатты заңсыз аудару; Материалдық құндылықтарды есептен шығаруда манипуляциялар жасау (мысалы, жарамды мүлікті тозған деп көрсету); Қызметкерлерге жалақы, сыйақы немесе үстемешқыларды негізсіз есептеу және төлеу.
3	Директорының бейіндік оқыту бойынша орынбасары	Педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады	Педагогтерді біліктілікті арттыру курстарына жіберу кезінде тандауды жеке мүддеге сай жүзеге асыру; аттестаттау нәтижесіне ықпал ету арқылы үстемешқы алуға жол ашу; қызметтік жағдайын пайдаланып, құжаттарды бұрмалау немесе қажетті талаптарға сәйкес келмейтін педагогтерге артықшылық беру.
4	Директорының оқу бойынша орынбасары	Педагогтардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын үйлестіреді. Білім беру процесінің сапасына және жалпы білім беру стандарттарының шеңберінде білімді меңгеру нәтижесінің	Мұғалімдердің жұмысын бағалау кезінде субъективтілікке жол беру; Бағдарлама мен оқу жүктемесінің орындалуы туралы құжаттарды бұрмалау; Мұғалімдерге қосымша сағат бөлу немесе оқу жүктемесін әділетсіз үлестіру арқылы жеке мүддені көздеу; Оқушылардың оқу үлгеріміне қатысты жалған немесе бұрмаланған мәліметтер ұсыну; Білім беру сапасын бағалау кезінде сыртқы тексеру нәтижелерін жасыру немесе өзгертуге тырысу.

		объективтілігіне бақылау жасайды.	
5	Директорының ақпараттық технологиялар бойынша орынбасары	Мектептің ақпараттандыруына жауапты	Мектептің ішкі деректер базасына (оқушылар, қызметкерлер туралы мәліметтер) қолжетімділікті заңсыз үшінші тұлғаларға беру; Ақпараттық ресурстарды пайдалану кезінде ресурстарды жеке мақсатта қолдану
6	Директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары	Оқу мекемесіндегі барлық тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуына жауап береді, тәрбие бағдарламасын жасайды, ұйымдастырудың жаңа тәсілдерімен қамтамасыз етеді.	Тәрбие жұмыстарына бөлінген қаражатты немесе ресурстарды мақсатсыз пайдалану; Тәрбие шараларын өткізу бойынша жалған есептер дайындау, іс жүзінде өткізілмеген іс-шараларды өткізілген етіп көрсету; Жетекшілік ететін ұйымдар мен іс-шараларға қызметкерлерді немесе оқушыларды тартуда тандымалы көзқарас таныту;
7	Есепші	Шаруашылық-қаржылық қызметінің бухгалтерлік есебін ұйымдастыру; Материалдық еңбек және қаржы ресурстарының үнемді пайдаланылуын, мүліктердің сақталуын бақылау.	Қаржылық есептерді бұрмалау арқылы заңсыз төлемдерді жүзеге асыру; Негізсіз шығындар мен қызметтерді заңды ретінде көрсету арқылы қаражатты жымқыру; Мүліктің жетіспеушілігін жасыру немесе есептен шығаруда бұрмалаушылыққа жол беру; Жалақы, үстемесі немесе өтемақы төлемдерін негізсіз есептеу арқылы жеке мүддеге жұмыс істеу мүмкіндігі; Жеткізушілермен немесе басқа да тараптармен келісіп, жалған құжаттар негізінде төлем жасау.
8	Қладовщик	Тауарлы-материалдық құндылықтарды қабылдау, сақтау және беру жұмыстарын басқару; Қойма аумағын тиімді пайдалану және тауарларды іздеуді, беру процесін жеңілдету мен жылдамдату; Қойма құжаттарын рәсімдеу.	Қоймадағы тауарларды немесе материалдық құндылықтарды жеке мақсатта пайдалану мүмкіндігі; Қойма есептерін бұрмалап, тауарлардың қозғалысын заңсыз рәсімдеу; Қоймадағы материалдық құндылықтарды заңсыз беру немесе жеке мүдде үшін пайдалану.
9	Медбике	Дәрі-дәрмектерді медициналық жабдықтардың дер кезінде алынуын және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.	Дәрі-дәрмекті немесе медициналық құралдарды жеке мақсатта пайдалану немесе сыртқа шығару